


Сабақтың тақырыбы:

**Менің сүйікті мультфильмім
«Тігінші мен Ай»**



Сабақтың мақсаты:

- * Тақырыпқа қатысты сөздің мағынасы мен қолданылу аясын түсіндіре келе мәтін құрауға үйрету.
- * Жаңа тақырып аясында берілген қысқа мәтіндер бойынша жұмыс ақпараттық-танымдық қабілетін шыңдау.
- * Сипаттама мәтіндер арқылы оқушылардың бойында эстетикалық сезімін қалыптастыру

Тігінші мен Ай (мәтінмен жұмыс»)

Бірде ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты. Тігінші айдың бой тұрқын өлшеп алады да көйлекті пішіп, тігуге кіріседі. Уәделескен шағында Ай көйлегін алуға келсе, көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты.

- Иә, мен қателескен екем, - дейді тігінші. Сөйтіп, көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды. Уәделескен мерзім жақындап, Ай көйлегін алуға тігіншіге тағы келеді.


Бұл жолы да көйлегі шақ келмей, қысқа болып қалыпты.

- Иә, тағы да дұрыс өлшемеген екем ғой, - дейді. Айдың толыса беретініне түсінбеген тігінші. Сонымен қайта өлшеп, қайта пішіп, қайтадан тігуге кіріседі.


Ай тағы да көйлегін алуға келе жатады. Тігінші киіз үйдің түтігінен асқанда келе жатқан топ-толық өзі тіккен көйлектен екі есе үлкен Айды көреді. Не істерін

білмей, сасқалақтап тігінші басы ауған жаққа қаша жөнеледі. Ай ары іздеп, бері іздеп тігіншіні таба алмай қалады. Сол себепті, Ай көйлексіз жалаңаш қалыпты.

Мәтін бойынша «Хикаялар тізбегі» тапсырмасын орындаңдар





Суреттерді ертегі желісі бойынша орналастыр



ҚАҢБАҚ ШАЛ

• ДЕД ҚАҢБАҚ • THE OLD KANBAK •





Сергіту сәті

• Мен Алдармын, Алдармын
• Тура жолды таңдармын
• Көрегі жоқ паңдардың
• Жылуы жоқ жаңдардың
• Адалдарды аңдармын
• Арамдарды алдармын



Оқиға желісін санмен жаз

- 1 Көйлек Айға кішкентай болды.
- 2 Тігінші Айға көйлек тікті.
- 3 Ай күн сайын үлкен болды.
- 4 Ай көйлекті киді.
- 5 Ай ренжіді.
- 6 «Тігінші мен Ай» мультфильмі маған ұнады.
- 7 Ай кішкентай болды.
- 8
- 9

«Бағдаршам» әдісі

